

24.08.2021ж.

Бұйрық № 92

«Мектепте 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңының 5-бабының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, Түркістан облысының Адами әлеуетті дамыту басқармасының 11.08.2021ж № 220 санды бұйрығы, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 23.08.2021ж № 184н/к бұйрығын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепте 2021-2022 оқу жылының басталуы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2021-2022 оқу жылының басталуы-2021жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда-34 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері;
1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2021жылы 1-7 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул -11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул -12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2. Бұйрықтың мазмұны барлық ата-аналарға, мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне жеткізілуі қамтамасыз етілсін.

3. Бұйрықтың орындалуына басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 23.08.2021ж № 184н/к бұйрығы



Мектеп директоры:

Парманова Г.А.

**«3.Рүстемов атындағы №22 жалпы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

06 мамыр 2022 жыл

Бұйрық № 74

**«2021-2022 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарының білім
алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
бекіту туралы»**

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2022 жылғы 24 сәуірдегі №141санды хаты, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 05.05.2022 ж №143н/қ бұйрығын басшылыққа алып
БҰЙЫРАМЫН:

1.Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

- 1) Мектепте оқу сабақтарын аяқталуы - 2022 жылғы 25 мамыр;
Қорытынды аттестаттауға оқу бағдарламаларын меңгерген 9,11-
сыныптардың білім алушылары жіберілсін.
- 2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары –
2022 жылғы 28 мамыр - 6 маусым аралығы;
- 3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру
емтихандары- 2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым аралығы.

2.Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9(10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай
отырып:

- 1) Қазақ/ұйғыр /өзбек /тәжік тілі (оқыту тілі) бойынша эссе
нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндері тереңдетіп
оқытатын мектеп үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) **2022
жылғы 28 мамыр;**
- 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау
жұмысы)- **2022 жылғы 31 мамыр;**
- 3) Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті
бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша
тапсырмаларды орындау) **2022 жылғы 3 маусым;**
- 4) Таңдау пәні (Физика, Химия, Биология,География, Геометрия,
Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша),
шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша
емтихан – **2022 жылғы 6 маусым;**

11 сынып білім алушылар үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып
қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырады.

- 1) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан
2022 жылғы 27 мамыр;

5. Бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Жұмағұловқа жүктелсін.

Нерізі: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 24 сәуір 2022 жылғы №141 санды хаты, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 05.05.2022 ж. №143 н/қ бұйрығы.



Мектеп директоры:

Парманова Г.